ПРОФЕССОР ЗИНОЛ-ҒАБДЕН БИСЕНҒАЛИ 70 ЖАСТА

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен әдебиеттанудың көрнекті ғалымы, Ш.Айтматов атындағы Халықаралық қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғалидің 70 жасқа толуына орайластыра **«Қазіргі заманғы әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму бағыттары»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтті.

Конференцияға Түркия, Қырғызстан сынды алыс-жақын шетел ғалымдары мен қазақстандық әдебиеттанушылар, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің зерттеуші мамандары, студент, магистрант, докторанттар қатысып, төмендегідей мәселелерді ортаға салды.

- Зинол-Ғабден Қабиұлының ғалымдық және ұстаздық тұлғасын таныту;
- З.Бисенғалидің зерттеу ғылыми еңбектерін қазіргі заманғы әдебиеттану контексінде қарастыру;
- ғылымның қазақ әдебиетін зерттеудегі ғылыми ұстанымдарын пайымдау;
- XXI ғасырдағы әдебиеттанудың өзекті мәселелерін анықтау;
- қазіргі әдебиеттанудың даму бағыттарын айқындау.

Онлайн конференция модераторы филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мәуленов Алмасбек алғашқы сөзді конференцияның шетелдік қонағы, Қырғыз ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Абдылдажан Акматалиевке ұсынды. Ғалым «Қырғыз-қазақ ғылыми байланыстары және профессор Зинол Бисенғали» тақырыбында баяндама жасап, алып Алатаудың қос қанатындай болған екі халықтың сөз өнеріндегі туыстығын тілге тиек етті.

Конференция еркін форматта өтіп, мерейтой иесі туралы естеліктер де айтылды. ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Н.Оразалин З.Бисенғалидің студенттік кезеңінен сыр шертті:

«Бірінші курсқа түскен жас, елгезек бала біздің бөлмеге көп келіп тұратын. Біз ол кезде төртінші курстың студенттері едік. Бірінші курс студентінің қолында жазып алған ұзын-сонар кітаптар тізімі бар. «Бірінші курста оқып бітіруім керек кітаптар» дейтін өзі. Сонда ойлаушы едік, бұл бала мына кітаптың бәрін бірінші курсында оқып бітірсе, ары қарай не істейді деп. Уәдесінде тұрды. Оқып бітірді. Сол бала осы Зинол еді. Бүгінгі шыққан биігін көріп отырсыздар».

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Жаңғара Дәдебаев өз баяндамасында:

«Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғали – кемел шағында. Ол қазақтың қазіргі әдебиеттанушыларының алдыңғы легіндегі көрнекті тұлғаларының бірі. Бұрында Қазақ Ұлттық университетінің үздік студенті еді. Бүгінде Қазақстан жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы», - деп ғалымның еңбегі мен еңбек жолына баға берді.

Бүгінгі профессор, филология ғылымдарының профессоры З.Бисенғали еңбек жолын оқу орнынан емес, Қазақ радиосының редакторлық қызметінен бастаған болатын. Ғалым өмірінің журналистік кезеңі туралы ескі әріптес, айрылмас дос, Қазақ радиосының ардагері Сәбит Сүлейменов айтып берді.

«Қазақ радиосына оқуды бітіріп қатар келдік. Сол кездері радиода хабарға келген қонақтың сөзін журналистер жазып беретін үрдіс бар екен. Зинол екеуміз бұл үрдістен бірден бастарттық. Біз қонақтарға сұрақтар қою арқылы оларға еркіндік беруге тырыстық. Осы мәселе төңірегінде Зинол Бисенғалидың еңбегі көп. Бұл мен үшін қазақ радиосының даму сатыларының бірі және қазақ радиосының тарихында қалары сөзсіз».

Конференцияға қатысқан барлық баяндамашылар осылай мерейтой иесінің әр жылдардағы, әр саладағы еңбектерін саралап шықты. Десекте оның ғалымдық өмірі мен ұстаздық кезеңі басты назарда еді.

Профессор З.Бисенғали саналы ғұмырын әдебиет ғылымына арнады десек, сол саналы ғұмыры бір ғана университет қабырғасында өтті. Қазақ Ұлттық университеті. Осы оқу орнында оқыды, ұстаз тапты. Ал қазір өзі ұстаз. Ұстаз деген сөз кемдік етер. Филология факультетінің ақсақалы деп атасақ артық етпес. Ғалымның осынша жылдық еңбегін бағалап, университет ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов Зинол-Ғабден Бисенғалиды «Құрмет» орденімен марапаттады. Сонымен бірге Қазақстан Жазушылар одағы атынан ғалым иығына шапан жабылды. Шапанды Жазушылар Одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Б.Жақып ғалымның шаңырағына келіп арнайы тапсырып, алдағы жылы ғалымды мемлекеттік марапаттарға ұсынатынын ашып айтты.

Марапат пен сый-сыйапат ғалым еңбегінің өлшемі де, көрсеткіші де емес. Ғалым еңбегінің шын көрсеткіші ретінде оның 360-тан астам ғылыми-танымдық еңбектерін, жетекшілігімен қорғалған қаншама жұмыстарды атауға болатын шығар. Бастысы, XX ғасыр басындағы қазақ прозасының, оның ішіндегі роман жанрының жай-күйін жан-жақты ашып, ғылым айдынына шығарған еңбегі екеніне дау жоқ. Бұл еңбектер қазақ халқымен, қазақ әдебиетімен һәм әдебиеттануымен бірге жасай бермек.

«Қазіргі заманғы әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның көшірмесін https://cloud.mail.ru/stock/fhVoTRHKA3bBBnEjns5yDLDH осы сілтеме арқылы өтіп, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының сайтынан көре аласыздар.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, кафедра сайтына жауапты:
Назира ДОСАНОВА
Досхан ЖЫЛҚЫБАЙ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ

COVID 19 байланысты аудиториядағы дәстүрлі сабақ онлайн-ортаға ауыстырды. Жаңа технологиялар студенттерді оқытуды басқару жүйесіне (материалдарды жеткізуге, тестілеуге, сауалнамалар мен ынтымақтастық құралдарына, қашықтықтан оқытуды тірі коммуникацияға жақындатуға арналған әр түрлі құралдарды ұсына отырып) тартудың зор әлеуетіне ие.

Қазақ ұлттық университеті оқытушы-ларға синхронды және асинхронды оқыту үшін веб-технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз, барлық сабақтар (практикалық және теориялық) интерактивті онлайн-тренинг түрінде (вебинарлар, форумдар, чаттар) және кез-келген уақытта онлайн-тренингтерде (жаз-баша тапсырмалар, тесттер) өткізілуі мүмкін.

Мұғалімдер Zoom-ді вебинарларға, WhatsApp-пен байланыс және материалдарды жеткізу үшін, ҚазҰУ Web 2.0 Университетін білімді бағалау және оқу туралы кері байланыс үшін қолдана алады. Алайда Microsoft Teams, Edmodo, Moodle сияқты көптеген веб-құралдар бар, олар барлық осы әрекеттерді қамтиды және қашықтықтан оқытуды тиімді түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

Moodle жоғары оқу орындарында танымал бола бастады, өйткені ол бейне конференциялар, вики-парақтар, сауалнамалар, гипер сілтемелер, викториналар, форумдар, чаттар және басқалар сияқты көптеген ресурстар ұсынады. Оқыту мен оқуда икемділікті қамтамасыз ете отырып, ол әлеуметтік медиа элементтері мен білім беру ортасын бірік-тіреді. Бұл Moodle-ді қашықтықтан оқыту үшін мұғалім мен оқушының оқшауланушы үлес қоспақ.

«Шет тілі» курсы үшін (кәсіби қарым-қатынас үшін) оқытушы студенттерге курстың негізгі тақырыптары бойынша материалдар ұсынады: брендтер, маркетинг, ұйымдастырушылық құрылым түрлері, іскерлік кездесулер. Студенттер мазмұнын зерттейді және онлайн-семинарларда маңызды сөттерді талқылайды және сөйлеу мен сөйлесуге ықпал ететін тапсырмаларды орындайды. Мысалы, «Брендтер» тақырыбында студенттер Moodle-да оқуға тапсырма ретінде ұсынылған сөздік қорды қолдана отырып, Қазақстанда брендті жылжыту туралы әңгімеледі. Материалды және жаңа сөздерді түсініп, студенттер Қазақстан туралы Moodle Big Blue Button бейнеконференциясында сөзбен (вирустық маркетинг, мақсатты аудитория, тартымды әуен, өнімді орналастыру, әл-ауқат факторы, сыртқы маркетинг, дыбыстық эффекттер) айтты.

Синхронды / асинхронды оқыту бойынша қаржы студенттерінің пікірлері. Студенттер терминдерді синхронды оқыту үшін желіден және асинхронды оқыту үшін оффлайн режимінде қолданды.

1. «Жеке өзіме осы аптада сабақ берудің таңдаулы әдісі жартылай желіде, жартылай оффлайн режимінде. Біріншіден, сөйлеу практикасы кейде қажет.Екіншіден, сабақтардың оффлайн форматы ыңғайлы, өйткені бұл біз үшін кез-келген уақытта оқуға мүмкіндік береді ».

2. «Екі форматтың да артықшылықтары бар деп ойлаймын. Онлайн-семинарлар топтағы серіктестермен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді және сөйлесу ағылшын тілін дамытады. Автономды оқыту туралы айтатын болсақ, бұл бізге жазу мен грамматиканы дамытуға көмектеседі ».

3. «Екі нұсқа да жақсы. Онлайн-кездесуде сіз сөйлесуге, оқытушымен тақырыпты талқылауға, пікір алмасуға болады. Бұл жақсы. Бірақ кейде байланыс нашар немесе техникалық қателер орын алады және біз онлайн оқулықты өткізіп жібере аламыз.

Офлайн тапсырмалар да ыңғайлы. Біз тапсырманы өзімізге ыңғайлы уақытта орындай аламыз. Әрине, шектеулі уақытпен. Желіден тыс сабақтың өзінде сіз әртүрлі типтегі мәселелерді шеше аласыз және бұл қызықты болады. Мысалы, біз эссе, тест, түрлі тапсырмалар орындадық. Сіз сондай-ақ әр түрлі қызықты іс-шараларды қоса аласыз. Менің ойымша, олардың екеуі де пайдалы. Егер мен осы екі нұсқаның бірін таңдасам, оффлайн сабақты таңдар едім ».

Мұғалімдер білім алушылардың білім алуына және жаңа оқу мүмкіндіктерінен пайда табуға ынталандыру үшін оқыту поалформаларының барлық мүмкіндіктерін зерттеуі керек.

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары : Оразбекова Индира, Мырзахмет Мақпал, Рустемова Алма.